

Жас кәсіпкерлер мектебі ашылды

Бүгінгі күні елімізде шағын бизнесті, әсіресе жастардың кәсіпкерлігін дамытуға айрықша мән берілуде. Таяуда облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында облыстық кәсіпкерлер палатасының Іскер әйелдер кеңесінің мүшесі Елена Березинская-Әбілованың ұйытқы болуымен «Авангард плюс» жас кәсіпкерлер мектебі ашылды.



Студенттерге арналған жас кәсіпкерлер мектебінде жоғары дәрежелі мамандар дәріс оқып, кәсіпкер қыз-келіншектер шеберлік сағаттарын апта сайын жүргізіп отыратын болады. Осыған дейін «Бизнесті бастау үшін нені білу керек?», «Бизнеске қалай жол ашуға болады?», «Шағын және орта бизнестің қыр-сыры», «Отбасылық бизнес» тақырыптарында дәрістер оқытылған болатын. Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының директоры Күлзада Қаратайқызы: «Жастар үшін мүмкіндік атаулы қашан да бар, болған және бола береді де. Ең алдымен, осы «Авангард плюс» мектебінде әртүрлі шеберлік сағаттарына жастар қатысып, мұқият тыңдап, түсінгені дұрыс. Болашаққа нық қадам жасауды көздеген жас жоспарлы түрде өзіне ұнаған кәсібін ашса, ұршықтай иіріп әкететіндігі сөзсіз», – дейді.

«Жас кәсіпкерлер мектебін» тыңдағандарға сертификат табысталып, өз ісін ашқандарға бизнесін қолдауға кепілдік беріледі.

Бұл мектеп студенттердің бойында алдымен кәсіпкерлік сана қалыптастырып, оларды еңбексүйгіштікке баулуды көздейді.

Э.Шағыраева